10 Қызмет көрсету және жөндеу	209		

STIHL

Осы қолдану нұсқаулығы авторлық құқықпен қорғалған Барлық құқықтар, әсіресе тарату, аудару және электроникалық жүйелермен өңдеу құқықтары сақталады.


1 Сөз басы

Қымбатты сатып алушылар,

STIHL таңдағаныңыз үшін қуаныштымыз. Біз өзіміздің жоғары сапалы өнімдерімізді клиенттеріміздің қажеттіліктеріне сәйкес әзірлейміз және өндіреміз. Тіпті төтенше жүктемелердің өзінде жоғары дәрежелі сенімділікке ие өнімдер осылай жасалады.

STIHL фирмасы да қызмет көрсетудегі жоғары сапаны жақтайды. Біздің мамандандырылған дилерлеріміз білікті кеңес береді және оқытады, сондай-ақ жан-жақты техникалық қолдау көрсетеді.

Сеніміңіз үшін Сізге алғыс білдіреміз және STIHL өнімдерінен көп ләззат алуыңызды тілейміз.



Др. Nikolas Stihl

МАҢЫЗДЫ! ҚОЛДАНУДЫҢ АЛДЫНДА ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ ЖӘНЕ САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

2 Осы Пайдалану нұсқаулығы туралы ақпарат

2.1 Өрекет етуші құжаттама

Жергілікті қауіпсіздік нұсқаулары өрекет етеді.

- ▶ Осы пайдалану нұсқаулығына қосымша ретінде, келесі құжаттарды оқып шығыңыз, түсініңіз және сақтап қойыңыз:
 - STIHL AR аккумуляторларына арналған пайдалану нұсқаулығы
 - STIHL AP аккумуляторларына қойылатын қауіпсіздік техникасының талаптары

- STIHL AK аккумуляторына қойылатын қауіпсіздік техникасының талаптары
- «STIHL» фирмасының аккумуляторлары және кіріктіріме аккумуляторлары бар тауарлар үшін қауіпсіздік техникасы жөніндегі ақпарат: www.stihl.com/safety-data-sheets

2.2 Мәтіндегі ескертулердің таңбаламасы



Қауіп

Ескерту, ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге себеп болуы мүмкін қауіптілікті білдіреді.

- ▶ Аталған шаралар, күрделі жарақаттан немесе өлімнен құтылуға көмектеседі.



Сақтандыру

Ескерту, ауыр жарақат келтіруі немесе өлімге себеп болуы мүмкін қауіптілікті көрсетеді.

- ▶ Аталған шаралар, күрделі жарақаттан немесе өлімнен құтылуға көмектеседі.

Нұсқау

Ескерту, мүліктік нұсқан келтіруі мүмкін қауіптілікті көрсетеді.

- ▶ Аталған шаралар, мүлікке нұсқан келтіруден құтылуға көмектеседі.


2.3 Мәтіндегі нышандар



Бұл нышан осы Пайдалану нұсқаулығындағы бір тарауға қатысты болып келеді.

3 Шолу

3.1 Қуаттағыштар



1 AL 101 қуаттағышы

Қуаттағыш STIHL AK және STIHL AP аккумуляторларын қуаттау үшін арналған.

2 AL 300 немесе AL 500 қуаттағышы

Қуаттағыш STIHL AK, STIHL AP және STIHL AR аккумуляторларын қуаттау үшін арналған.

3 Жарық диоды

Жарық диоды қуаттағыштың күйін көрсетеді.

4 Біріктіруші сым

Біріктіруші сым қуаттағышты штепсельді айырмамен біріктіреді.

5 Штепсельді айыр

Штепсельді айыр біріктіруші сымды розеткамен біріктіреді.

Паспорттық деректері бар фирмалық тақтайша мен сериялық номер

3.2 Белгі

Таңбалар қуаттағышқа түсірілуге және мынадайды білдіруге мүмкін:



Электр аспабын жабық әрі құрғақ орынжайда қолданыңыз.



Өнімді тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырмаңыз.



Пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз, түсініңіз және сақтап қойыңыз.

4 Қауіпсіздік техникасы ережелері

4.1 Ескерту нышандары

Қуаттағыштағы ескерту нышандары мынаны білдіреді:



Қауіпсіздік техникасы ережелері мен осы шараларды ұстаныңыз.



Пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз, түсініңіз және сақтап қойыңыз.



Қуаттағышты жаңбыр мен ылғалдан қорғаңыз.

4.2 Мақсатына сай қолдану

STIHL AL 101 қуаттағышы STIHL АК және AP аккумуляторларын қуаттайды.

STIHL AL 300 және AL 500 қуаттағыштары STIHL АК, AP және AR аккумуляторларын қуаттау үшін арналған.

▲ Сақтандыру

- STIHL тарапынан мақұлданбаған қуаттағыштар мен аккумуляторлар өрт және жарылыс себебі болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ STIHL AL 101 қуаттағышымен STIHL АК және AP аккумуляторлары қуатталады.
 - ▶ STIHL AL 300 немесе AL 500 қуаттағыштарымен STIHL АК, AP және AR аккумуляторлары қуатталады.
- Егер қуаттағыш мақсаты бойынша қолданылмаса, адамдардың зардап шегуі немесе өлтірілуі, сондай-ақ оларға материалдық зиян келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышты осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай қолданыңыз.

4.3 Пайдаланушыларға қойылатын талаптар

▲ Сақтандыру

- Үйретілмеген пайдаланушылар қуаттағыштың қауіптілігін түсінбеуі және оған мән бермеуі мүмкін. Пайдаланушы және басқа да адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.



- ▶ Пайдалану нұсқаулығын оқып шығыңыз, түсініңіз және сақтап қойыңыз.

- ▶ Егер қуаттағыш басқа тұлғаға берілсе: Сонымен қатар пайдалану нұсқаулығы қоса беріледі.

- ▶ Пайдаланушы келесі талаптарды қанағаттандыратынына көз жеткізіңіз:
 - Пайдаланушы шаршаған емес.
 - Пайдаланушы қуаттағышты пайдалану және онымен жұмыс істеу үшін физикалық, тактильдік және психикалық жақтан сау болып табылады. Егер пайдаланушының физикалық қабілеті, дене түйсігі арқылы сезіну қабілеті немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі болса, онда пайдаланушы, жауапты тұлғаның бақылауымен немесе нұсқауларымен ғана жұмыс істей алады.
 - Пайдаланушы зарядтау құрылғысының қауіптілігін анықтай және бағалай алады.
 - Пайдаланушы кәмелетке толған тұлға болып табылады немесе пайдаланушы мамандыққа ұлттық ережелерге сәйкес бақылаумен оқиды.
 - Пайдаланушы қуаттағышты бірінші рет пайдаланудың алдында STIHL мамандандырылған дилеріне немесе құзыретті тұлғаға барып, білім алды.
 - Пайдаланушы алкоголь, дәрі-дәрмек немесе есірткі әсерінде емес.
- ▶ Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

4.4 Жұмыс кеңістігі және қоршаған орта

▲ Сақтандыру

- Бөтен адамдар, Балалар қуаттағыш пен электр тогының қауіптілігін түсінбеуі және оған мән бермеуі мүмкін. Бөтен адамдар, балалар және жануарлар ауыр жарақат алуы немесе өлтірілуі мүмкін.
 - ▶ Бөтен адамдар, балалар мен жануарлар алшақ жерде болуы тиіс.
 - ▶ Қуаттағыш балалардан алыс болғанына көз жеткізу керек.
- Қуаттағыш су өткізбейді. Жауын-шашын кезінде немесе ылғал ортада жұмыс жасау электр тогына соғылуға әкеліп соғуы мүмкін. Пайдаланушы айтарлықтай жарақат алуы мүмкін және қуаттағыштың зақымдалуы мүмкін.



- ▶ Жаңбырлы күні және ылғалды ортада жұмыс істемеңіз.

- Қуаттағыш қоршаған ортаның әсерінен қорғалмаған. Егер қуаттағыш қоршаған ортаның белгіленген әсерлеріне ұшырайтын болса, қуаттағыш тұтануы немесе жарылуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышты жабық әрі құрғақ орынжайда қолданыңыз
 - ▶ Қуаттағышты жеңіл тұтанатын және жарылу қаупі бар орталарда қолданбау керек.
 - ▶ Қуаттағышты жеңіл тұтанатын бетте пайдаланбаңыз.
 - ▶ +5°C және + 40°C температурасының аумағында қуаттағышы орнатыңыз және сақтаңыз.
- Адамдар біріктіруші сымға сүрініп кетуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы, ал қуаттағыш – бұзылуы мүмкін.
 - ▶ Біріктіруші сымды еденге тегіс күйде жатқызыңыз.

4.5 Қауіпсіз күй

Егер келесі шарттар сақталса, қуаттағыш қауіпсіз күйде болады:

- Қуаттағыш жарамды.
- Қуаттағыш құрғақ және таза.

▲ Сақтандыру

- Қауіпсіз емес күйде толықтырушы бөлшектер дұрыс жұмыс істемеуі және қауіпсіздік қондырғысының күші әрекет етпеуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Жарамды қуаттағышын қолданыңыз.
 - ▶ Егер қуаттағыш кір немесе ылғалды болса: Қуаттағышты тазартыңыз және кептіріңіз.
 - ▶ Қуаттағышты өзгертпеңіз.
 - ▶ Заттарды қуаттағыштың тесіктеріне тықпаңыз.
 - ▶ Қуаттағыштың электрлік түйіспелерін металл заттармен қоспаңыз және тұйықтамаңыз.
 - ▶ Қуаттағышты ашпаңыз.
 - ▶ Тозған немесе бұзылған көрсеткіш тақтайшаларды ауыстырыңыз.
 - ▶ Кез келген күмән туындаған жағдайда: STIHL мамандандырылған дилеріне жүгініңіз.

4.6 Қуаттау

▲ Сақтандыру

- Қуаттау барысында жарамсыз немесе зақымдалған қуаттағыш әдеттен тыс иіс шығаруы немесе түтіндеуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Штепсельді айырды розеткадан суырыңыз.
- Қуаттағыш жылудың жеткіліксіз дәрежеде бұрылмауынан қызып кетіп, өртену себебі болуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышты бүркемеңіз.

4.7 Желіге қосылу

Ток өткізгіш толықтырушы бөлшектермен жанасу келесі себептерге байланысты болуы мүмкін:

- Біріктіруші сым немесе ұзартатын сым бұзылған;
- Біріктіруші сым немесе ұзартатын сымының штепсельді айыры зақымдалмаған.
- Розетка дұрыс орнатылмаған.

▲ Қауіп

- Ток өткізгіш толықтырушы бөлшектермен жанасу ток соғу қаупінің себебі болуы мүмкін. Пайдаланушы ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.

- ▶ Біріктіруші сым, ұзартатын сым мен штепсельді айырдың бұзылмағанына көз жеткізіңіз.



Егер біріктіруші сым немесе ұзартатын сым бұзылған болса:

- ▶ Зақымданған учаскеге тиіп кетпеңіз.
- ▶ Штепсельді айырды розеткадан суырыңыз.
- ▶ Біріктіруші сым, ұзартатын сыммен және желілік істікшемен жұмыс істегенде сіздің қолыңыз құрғақ болуы тиіс.

- ▶ Біріктіруші сымның немесе ұзартатын сымның желілік істікшесін дұрыс орнатылған және жерге тұйықтау түйіспесі бар розетка ұясына қосыңыз.

- ▶ Қуаттағышты дифференциалды қорғаныстың автоматты сөндіргіші (30 мА, 30 мс) арқылы қосыңыз.

- Зақымдалған немесе сәйкес келмейтін ұзартатын сым электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Қолайлы көлденең қимасы бар ұзартатын сымын пайдаланыңыз, 12.2.

▲ Сақтандыру

- Қуаттау барысында дұрыс емес болған желінің кернеуі немесе дұрыс емес болған желінің жиілігі қуаттағыштың артық жүктемесіне себеп болуы мүмкін. Қуаттағыш бұзылуы мүмкін.

- ▶ Желінің кернеуі мен электр желісінің жиілігі қуаттағыштың паспорттық деректері бар фирмалық тақтайшасына сай келетініне көз жеткізіңіз.

- Дұрыс қойылмаған жалғастыру және ұзартқыш сымы зақымдалуы немесе сүрінуге алып келуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы, ал біріктіруші сым немесе ұзартатын сым – бұзылуы мүмкін.

- ▶ Біріктіруші сымды және ұзартатын сымды адамдар оған сүрінбейтіндей етіп өткізіңіз және белгілеңіз.

- ▶ Біріктіруші сымды және ұзартатын сымды олар созылмайтындай және шатаспайтындай етіп өткізіңіз.

- ▶ Біріктіруші сымды және ұзартатын сымды олар зақымданбайтындай, қысылмайтындай немесе қажалмайтындай етіп өткізіңіз.

- ▶ Біріктіруші сымды және ұзартатын сымды жылудан, май мен химиялық заттардың түсуінен қорғаңыз.

- ▶ Біріктіруші сым және ұзартатын сымдарды құрғақ жерге орналастыру қажет.

- Жұмыс жасау кезінде ұзартатын сым қызып кетеді. Ағып кету мүмкін болмаған жағдайда, жиналып қалған жылу тұтануға алып келуі мүмкін.
 - ▶ Егер кабельді атанақ қолданылса: Кабельді атанақ толықтай тарқатылған.
- Егер қабырға арқылы электр сымы және құбырлар өтсе, олар қабырғаға қуаттағышты орнатқан кезде зақымдалуы мүмкін. Электр өткізгіш байланысы электр тогымен зақымдауға әкеліп соғуы мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Болжамды қондырғының орнында ешқандай құбырлардың өтпейтіндігіне немесе электр сымдарының жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Егер қуаттағыш қабырғаға осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғанға сәйкес құрастырылса, онда қуаттағыш немесе аккумулятордың құлап кетуі мүмкін немесе қуаттағыштың тым ысып кетуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышты осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай етіп, қабырғаға орнатыңыз.
- Егер қуаттағышы қабырғаға орнатылған кіріктірме аккумуляторымен болса, батареяның аккумуляторды жерге түсуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Бірінші қуаттағышын қабырғаға орнатыңыз, сосын аккумуляторды енгізіңіз.

4.8 Тасымалдау

▲ Сақтандыру

- Қуаттағышты тасымалдау кезінде, ол төңкерілуі немесе жылжып кетуі мүмкін. Адамдар жарақат алуы және оларға материалдық нұқсан келтірілуі мүмкін.
 - ▶ Штепсельді айырды розеткадан суырыңыз.
 - ▶ Аккумуляторды алып тастаңыз.
 - ▶ Бекіту белбеуімен, белдігімен немесе торқапшығымен бірге қуаттағышты төңкерілмейтін және жылжымайтын болатындай бекіту керек.

- Біріктіруші сым қуаттағышты тасымалдауға арналмаған. Біріктіруші сым және қуаттағыш жарамсыз болуы мүмкін.
 - ▶ Біріктіруші сымды тарқатыңыз және қуаттағышқа қосыңыз.

4.9 Сақтау шарттары

▲ Сақтандыру

- Балалар қуаттағыштың қауіптілігін түсінбеуі және оған мән бермеуі мүмкін. Балалар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Аккумуляторды алып тастаңыз.
 - ▶ Қуаттағышты балалардан алшақ жерде сақтаңыз.
- Қуаттағыш қоршаған ортаның әсерінен қорғалмаған. Егер қуаттағыш қоршаған ортаның белгіленген әсерлеріне ұшырайтын болса, қуаттағыш бұзылуы мүмкін.
 - ▶ Аккумуляторды алып тастаңыз.
 - ▶ Егер қуаттағыш жылы болса: Қуаттағышты суытыңыз.
 - ▶ Қуаттағышты таза және құрғақ күйде сақтаңыз.
 - ▶ Қуаттағышты жабық орынжайда сақтаңыз.
 - ▶ +5°C және +40°C температурасының аумағында қуаттағышын сақтаңыз.
- Біріктіруші сым қуаттағышты тасымалдауға және ілуге арналмаған. Біріктіруші сым және қуаттағыш жарамсыз болуы мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышты корпусынан алыңыз немесе ұстаңыз. Қуаттағышты оңай көтеруге арналған тұтқалар қуаттағыштың жағында монтаждалған.
 - ▶ Қуаттағышты қабырғалық кронштейнге іліңіз.

4.10 Тазалау, қызмет көрсету және жөндеу



▲ Сақтандыру

- Күйдіретін тазартқыш құралын, су ағынын немесе өткір заттарды қолдану қуаттағышты бүлдіруі мүмкін. Егер қуаттағыш тиісінше тазартылмаған болса, онда толықтырушы бөлшектер дұрыс жұмыс істемеуі және қауіпсіздік қондырғысының күші әрекет етпеуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышты осы пайдалану нұсқаулығында сипатталғандай таза күйде ұстаңыз.
- Егер қуаттағышқа тиісінше қызмет көрсетілмесе немесе жөнделмеген болса, онда толықтырушы бөлшектер дұрыс жұмыс істемеуі және қауіпсіздік қондырғысының күші әрекет етпеуі мүмкін. Адамдар ауыр жарақат алуы немесе қайтыс болуы мүмкін.
 - ▶ Қуаттағышқа өзіңіз техникалық көрсетпеңіз және оларды жөндемеңіз.
- Егер біріктіруші сым жарамсыз немесе бұзылған болса:
 - ▶ STIHL мамандандырылған дилерінің сымды ауыстыруын жүргізуді қамтамасыз етіңіз.

5 Қуаттағышты қолдануға дайындалу

5.1 Қуаттағышты қолдануға дайындалу


Жұмыстарды бастамас бұрын келесі қадамдарды орындау керек:

- ▶ Келесі қуаттағыш қауіпсіз күйде екеніне көз жеткізіңіз,  4.5.
- ▶ Қуаттағышты тазарту,  9.1.
- ▶ Егер келесі қадамдарды орындау мүмкін болмаса: Қуаттағышты қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз.

6 Аккумуляторды қуаттау және жарық диодтары

6.1 Қуаттағышты қабырғаға орнатыңыз

Қуаттағыш қабырғаға орнатылуы мүмкін.



▶ Қуаттағышты қабырғаға келесі шарттар орындалатындай етіп орнатыңыз:

- Тиісті бекіткіш материалы пайдаланылады.
- Қуаттағыш көлденең қалыпта.
- Келесі көлемдері сақталынған:
 - a = 100 мм кем емес
 - b (AL 101 арналған) = 75 мм
 - b (AL 300 және AL 500 арналған) = 120 мм
 - c = 4,5 мм
 - d = 9 мм
 - e = 2,5 мм


6.2 Аккумуляторды қуаттаңыз

Қуаттау уақыты әртүрлі факторларға, мысалы, аккумулятордың температурасына немесе қоршаған ауаның температурасына байланысты болады. Аккумуляторды қуаттаудың нақты уақыты көрсетілген қуаттау уақытынан ерекшеленуі мүмкін. Қуаттау уақыты төменде www.stihl.com/charging-times көрсетілген.

Егер штепсельді айыр розеткаға қосылса және аккумулятор қуаттағышқа орнатылса, қуаттау автоматты түрде басталады. Аккумулятор толығымен қуатталған кезде, қуаттағыш автоматты түрде сөнеді.

Қуаттау барысында аккумулятор мен қуаттағыш қызады.

STIHL AL 300 және AL 500 қуаттағыштары кіріктірілген желдеткішпен жабдықталған, олар қуаттау кезінде автоматты түрде қосылуы және өшірілуі мүмкін.



- ▶ Штепсельді айырды (6) бос розеткаға (7) салыңыз. Қуаттағыш (3) өз-өзін диагностикадан өткізеді. Жарық диодтары (4) шамамен 1 секунд бойы жасыл түспен және 1 секунд бойы қызыл түспен жанады.
- ▶ Біріктіруші сымды (5) салыңыз.
- ▶ Аккумуляторды (2) қуаттағыштың (3) саңылауларына енгізіп, тірелгенге дейін басыңыз. Жарық диоды (4) жасыл түспен жанады. Жарық диодтар (1) жасыл түсімен жанады және аккумулятор (2) зарядталады.
- ▶ Егер жарық диоды (4) және жарық диодтары (1) енді жанбаса: Аккумулятор (2) толығымен зарядталған және қуаттағыштан (3) алуға болады
- ▶ Егер қуаттағыш (3) енді пайдаланылмайтын болса: Штепсельді айырды (6) розеткадан (7) суырыңыз.

6.3 Қуаттағыштағы жарық диоды

Жарық диоды қуаттағыштың күйін көрсетеді.

Егер жарық диоды жасыл түспен жанса, аккумулятор қуат алуға.

- ▶ Егер жарық диоды қызыл түспен жыпылықтаса: Ақаулықтарды кетіру. Аккумулятор не қуаттағыш жарамды емес.

7 Тасымалдау


7.1 Тасымалдау

- ▶ Штепсельді айырды розеткадан суырыңыз.
- ▶ Аккумуляторды алып тастаңыз.
- ▶ Біріктіруші сымды тарқатыңыз және қуаттағышқа қосыңыз.
- ▶ Егер қуаттағыш көлік құралымен тасымалданса: Бекіту белбеуімен, белдігімен немесе торқапшығымен бірге қуаттағышты төңкерілмейтін және жылжымайтын болатындай бекіту керек.

8 Сақтау шарттары

8.1 Қуаттағышты сақтауға

- ▶ Штепсельді айырды розеткадан суырыңыз.
- ▶ Аккумуляторды алып тастаңыз.



- ▶ Біріктіруші сымды тарқатыңыз және қуаттағышқа қосыңыз.
- ▶ Қуаттағышты келесі шарттар орындалатындай етіп сақтаңыз:
 - Қуаттағыш балалардан алшақ жерде орналасқан.
 - Қуаттағыш құрғақ және таза.
 - Қуаттағыш жабық орынжайда орналасқан.
 - Қуаттағыш аккумулятордан ажыратылған.
 - Қуаттағыш біріктіруші сымға ілінбеген.
 - +5°C бастап + 40°C дейінгі температураның аумағында қуаттағыш бар.

9 Тазарту

9.1 Қуаттағышты тазарту

- ▶ Штепсельді айырды розеткадан суырыңыз.
- ▶ Қуаттағышты ылғалды шүберекпен тазартыңыз.
- ▶ Қуаттағыштың электрлік түйіспелерін шағын қылсаппен немесе жұмсақ қылсаппен тазарту керек.

10 Қызмет көрсету және жөндеу

10.1 Қуаттағышқа қызмет көрсету және оны жөндеу

Қуаттағышқа қызмет көрсетілуі және оның жөнделуі мүмкін емес.

- ▶ Егер қуаттағыш жарамсыз немесе бұзылған болса: Қуаттағышты ауыстыру.
- ▶ Егер біріктіруші сым жарамсыз немесе бұзылған болса: Қуаттағышты пайдаланбаңыз және сымның ауыстырылуын STIHL мамандандырылған дилерінің жасауын қамтамасыз етіңіз.

11 Ақаулықтарды кетіру

11.1 Қуаттағыштың ақаулықтарын кетіру

Егер аккумулятор қуатталса және қуаттағыштағы жарық диоды қызыл болып жанса, қуаттағыш пен аккумулятор арасындағы электрлік қосылыс бұзылған.

- ▶ Аккумуляторды алып тастаңыз.
 - ▶ Қуаттағыштағы электрлік түйіспелерді тазартыңыз.
 - ▶ Аккумуляторды салыңыз.
 - ▶ Егер аккумулятор әлі де қуатталса және қуаттағыштағы жарық диоды қызыл болып жанса: Қуаттағышты қолданбаңыз және STIHL компаниясының мамандандырылған сату орталығына хабарласыңыз.
- Аккумулятор не қуаттағыш жарамды емес.

12 Техникалық сипаттамалар

12.1 STIHL AL 101, AL 300, AL 500 қуаттағыштары

- Атаулы кернеу: паспорттық деректері бар фирмалық тақтайша
- Жиілік: паспорттық деректері бар фирмалық тақтайша
- Номинал күші: паспорттық деректері бар фирмалық тақтайшаны қараңыз
- Қуаттау тогы: паспорттық деректері бар фирмалық тақтайшаны қараңыз
- Пайдалану және сақтау үшін температураның рұқсат етілген ауқымы: + 5 °C-ден + 40 °C-ге дейін

Қуаттау уақыты төменде www.stihl.com/charging-times көрсетілген.

12.2 Ұзартатын сымдар

Ұзартатын сымды пайдаланған кезде тарамдардың көлденең қимасының келесі минималды көрсеткіштермен сәйкес келуін қамтамасыз ету қажет, ұзартатын сымның созылықылығы мен ұзындығына қарай:

Зауыттық тақтайшадағы атаулы кернеу 220 В - 240 В болса:

- Сымның ұзындығы 20 м-ге дейін: AWG (Сымдардың Америкалық калибрі) 15 / 1,5 мм²
- Сымның ұзындығы 20 м-ден 50 м-ге дейін: AWG (Сымдардың Америкалық калибрі) 13 / 2,5 мм²

Зауыттық тақтайшадағы атаулы кернеу 100 В - 127 В болса:

- Сымның ұзындығы 10 м-ге дейін: AWG (Сымдардың Америкалық калибрі) 14 / 2,0 мм²
- Сымның ұзындығы 10 м-ден 30 м-ге дейін: AWG (Сымдардың Америкалық калибрі) 12 / 3,5 мм²

12.3 REACH

REACH дегеніміз химикаттарды тіркеуге, бағалауға және жіберуге арналған ЕҚ қаулысы дегенді білдіреді.

REACH қаулысын орындауға арналған ақпарат төменде келтірілген www.stihl.com/reach көрсетілген.

12.4 Белгіленген қолданыс кезеңі

Толық белгіленген қызмет ету мерзімі 30 жылға дейінгі мерзімді құрайды.

Белгіленген қолданыс кезеңі уақытында, қолдану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сәйкес тұрақты техникалық қызмет және күтім көрсетіледі.

13 Қосалқы бөлшек (жинақтаушы) және құрал-жабдықтар

13.1 Қосалқы бөлшек (жинақтаушы) және құрал-жабдықтар

STIHL Бұл нышандар STIHL түпнұсқалы қосалқы бөлшектері мен STIHL түпнұсқалы құрал-жабдықтарын білдіреді.

STIHL компаниясы STIHL түпнұсқалы қосалқы бөлшектері мен STIHL түпнұсқалы құрал-жабдықтарын қолдануды ұсынады.

STIHL түпнұсқалы қосалқы бөлшектері және STIHL түпнұсқалы құрал-жабдықтары STIHL мамандандырылған дилері тарапынан жеткізіледі.

14 Кәдеге жарату

14.1 Қуаттағышты кәдеге жарату

Кәдеге жарату жөніндегі ақпаратты STIHL мамандандырылған дилерінен ала аласыз.

- ▶ Қуаттағышты және қаптаманы қолданыстағы заңнамаға сәйкес және қоршаған ауаға зиян келтірмей кәдеге жаратыңыз.

15 ЕО нормаларына сәйкестік сертификаты

15.1 Қуаттағыштардың қолданыстағы стандарттарға сәйкестігін дәлелдейтін құжаттар

Бұл қуаттағыш келесі дерективаларға сәйкес дайындалған және айналысқа енгізілген: 2014/35/EU, 2014/30/EU және 2011/65/EU.

Шығарылған жылы, өндіруші ел және машина нөмірі қуаттағыш құрылғыда көрсетілген.

ЕО стандарттарына сәйкестігі туралы толық декларацияны ANDREAS STIHL AG & Co. KG, Badstraße 115, 71336 Вайблинген, Германия фирмасынан алуға болады.

15.2 Сәйкестік белгісі



Кеден одағының техникалық нормалары мен талаптарының сақталуын растайтын EAC сертификаттары және сәйкестік туралы өтініштер жөніндегі ақпарат, төменде келтірілген, www.stihl.ru/eac сондай-ақ STIHL компаниясының кез келген елдегі өкілдігінде қол жетімді, 16.



Украинаның техникалық нормативтері мен талаптары орындалды.

16 Мекенжайлар

16.1 STIHL штаб-пәтері

ANDREAS STIHL AG & Co. KG
Badstrasse 115

71336, Вайблинген
Германия

16.2 STIHL еншілес кәсіпорындары

РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ

«АНДРЕАС ШТИЛЬ МАРКЕТИНГ» ЖШҚ
Тамбовская к-сі, 12 үй, В лит., 52-кеңсе
192007, Санкт-Петербург қ-сы, Ресей
Шұғыл желі: +7 800 4444 180
Эл. пошта: info@stihl.ru

УКРАИНА

«Андреас Штіль» ЖШҚ
Антонов к-сі 10, Чайки ауылы
08135, Киев обл., Украина
Телефон: +38 044 393-35-30
Факс: +380 044 393-35-70
Шұғыл желі: +38 0800 501 930
Эл. пошта: info@stihl.ua

16.3 STIHL өкілдіктері

БЕЛАРУСЬ

Өкілдік
ANDREAS STIHL AG & Co. KG
К. Цеткин к-сі, 51-11а
220004, Минск қ-сы, Беларусь
Шұғыл желі: +375 17 200 23 76

ҚАЗАҚСТАН

Өкілдік
ANDREAS STIHL AG & Co. KG
Шағабутдинов к-сі, 125А үй, 2-кеңсе
050026, Алматы қ-сы, Қазақстан
Шұғыл желі: +7 727 225 55 17

16.4 STIHL импорттаушылары**РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ**

ООО «ШТИЛЬ ЗЮДВЕСТ»
тер. отдел. №2 АФ «Солнечная», д. 7/2
350000 Краснодар, Россия

ООО «ЭТАЛОН»
лин. 5-я В.О., дом 32, лит. Б
199004 Санкт-Петербург, Россия

ООО «ПРОГРЕСС»
ул. Маленковская, д. 32, стр. 2
107113 Москва, Россия

ООО «СОФИЯ»
московский проспект, д. 253
236006 Калининград, Россия

ООО «ИНКОР»
ул. Павла Корчагина, д. 1Б
610030 Киров, Россия

ООО «УРАЛТЕХНО»
ул. Карьерная, дом 2, оф. 202
620030 Екатеринбург, Россия

ООО «ТЕХНОТОРГ»
ул. Парашютная, д. 15
660121 Красноярск, Россия

ООО «ЛЕСОТЕХНИКА»
ул. Чапаева, дом 1, оф. 39
664540 с. Хомутово, Россия

УКРАИНА

ТОВ «Андреас Штіль»
вул. Антонова 10, с. Чайки
08135 Київська обл., Україна

БЕЛАРУСЬ

ООО «ПИЛАКОС»
ул. Тимирязева 121/4 офис 6
220020 Минск, Беларусь

УП «Беллесэкспорт»
ул. Скрыганова 6.403
220073 Минск, Беларусь

ҚАЗАҚСТАН

ИП «ВОРОНИНА Д.И.»
пр. Райымбека 312
050005 Алматы, Казахстан

ҚЫРҒЫЗСТАН

ОсОО «Муза»
ул. Киевская 107
720001 Бишкек, Киргизия

АРМЕНИЯ

ООО «ЮНИТУЛЗ»
ул. Г. Парпеци 22
0002 Ереван, Армения

0458-511-9921-D

INT



www.stihl.com



0458-511-9921-D